

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіғалиұлы, Т. (2022). *Жасанды интеллект және білім беру трансформациясы*. Алматы: Қазақ университеті.
2. Қараев, Ж.Ә., & Копбосынова, Г. (2021). *Цифрлық педагогика: теориясы мен практикасы*. Нұр-Сұлтан: Білім әлемі.
3. Сәрсембекова, Ш. (2023). Жасанды интеллектті оқу үдерісіне енгізудің тиімді жолдары. *Қазақстан педагогика ғылымдары журналы*, №5, 42-48.
4. Әлмұхамедова, М., & Сатыбалдиева, А. (2020). *Интерактивті оқыту технологиялары және олардың білім сапасына әсері*. Шымкент: Әдістемелік орталық.
5. Қазақбаева, Н. (2022). Тарих пәнін оқытуда цифрлық ресурстарды қолдану. *Ұлт тағылымы*, №3, 56-62.
6. Тұрсын, А. (2019). *Тарихи сананы қалыптастыру әдістемесі*. Алматы: Рауан.
7. ҚР Білім және ғылым министрлігі. (2021). *Цифрлық білім беру ресурстарын қолдану жөніндегі әдістемелік нұсқаулық*. Нұр-Сұлтан.
8. Омарова, Ә. (2023). Жасанды интеллект негізіндегі оқытудың жаңа форматтары. *Педагогика және инновация*, №2, 31-37.

## МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ: ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ОЯТҚАН ҚАЙРАТКЕРДІҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ МҰРАСЫ (1885-1935 ЖЖ.)

Мәдениетова Ә.

Ғылыми жетекші: Смағұлов Н.Б., PhD докторы, қауымдастырылған профессор  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті  
Қарағанды қ.

XX ғасырдың басындағы қазақ халқының қоғамдық-саяси өмірінде өзіндік айрықша орны бар тұлғалардың бірі - Міржақып Дулатұлы. Ол - ұлт зиялыларының алдыңғы қатарында тұрған, қазақтың саяси санасын оятуға өлшеусіз үлес қосқан қайраткер, ағартушы, жазушы және публицист. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының өркендеуіне, Алаш идеясының қалыптасуына, ұлттық мәдениет пен әдебиеттің дамуына сүбелі үлес қосқан Міржақып Дулатұлының мұрасы бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміз үшін де маңызын жойған жоқ. Оның қоғамдық-саяси қызметі мен шығармалары халықтың оянуы, білім-ғылымға ұмтылуы және ұлттық тұтастықты сақтау жолындағы күрестің жарқын көрінісі болып табылады.

Міржақып Дулатұлы 1885 жылы 25 қарашада Торғай облысы, Торғай уезіне қарасты Сарықопа болысында дүниеге келген. Ол дүниеге келген отбасының тарихы мен жағдайы оның болашақ тұлғасының қалыптасуына айтарлықтай әсер етті. Әкесі Дулат әжептеуір білімді, ескіше сауатты, дін жолын сақтаған, өз шаруасымен толық қамтамасыз еткен кісі болатын. Дулаттың шаруашылықпен айналысуы мен тәуіптік қасиеттері отбасының тұрмысын тұрақты ұстап, балаларға білім мен тәрбие беруге мүмкіндік туғызды.

Міржақыптың үлкен ағасы Асқарды әкесі әуелі мұсылманша оқытқан, кейін орысша білім беріп, заң қызметіне бейімдеп тәрбиелеген. Сол дәстүр бойынша кіші баласы Міржақыпты да алғашында ауыл молдасына берді. Кейін әкесі оны ауылдық мектепте орысша білім беретін Мұқан Тоқтабайұлы атты ұстазға тапсырды. Міржақып Мұқан Тоқтабайұлына үлкен құрметпен қарап, «Менің алғаш білімге көзімді ашқан кісі» деп айтқан. Бұл ұстаздың тәрбиесі Міржақыптың бойында білімге, өнерге, ізденіске деген терең сүйіспеншілікті оятты. Бұл кезең оның санасында білімнің құндылығы мен өмірдегі жауапкершіліктің алғашқы ұғымдарын қалыптастырды Міржақып Дулатұлы осы ортаның әсерінде өсіп, санасы қалыптасқан жас кезінен-ақ халыққа қызмет етуге, білімді дәріптеуге бейім болды. 1897 жылы ол Торғай қаласындағы екі кластық орыс-қазақ мектебіне қабылданып, бес жыл бойы оқуын үздік бітірді. Бұл жылдар оның өміріндегі маңызды кезең болды: мектепте алған білім мен тәрбиенің арқасында ол тек ұстаздыққа ғана емес, елдегі әлеуметтік-саяси мәселелерге де қызығушылық танытты. Мектеп бітірген соң, алты-жеті жыл бойы ауыл мектептерінде бала оқытумен айналысып, өзінің ұстаздық шеберлігін шыңдады. Осы жылдары жас ұстаз Міржақып қоғамдағы әділетсіздіктерді, халықтың қиыншылықтарын терең түсіне бастады.

Міржақып Дулатұлының өмір жолы - бұл білімге шексіз құштарлық, халыққа деген жанашырлық, адал еңбек пен азаматтық жауапкершіліктің айнасы. Ол ел тағдырын ойлап, болашақ ұрпақ үшін қызмет етуді өзінің басты парызы деп санаған. Сондықтан оның ұстаздық қызметі тек білім

беру ғана емес, халыққа қызмет ету, әлеуметтік әділеттілік үшін күрес жолында алғашқы қадам болды. Міне, осы кезең оның өміріндегі ең мәнді, ең шешуші сәттердің бірі ретінде тарихта есте қалды [1].

Міржақып 1904 жылы қазақ оқығандарының бас қосатын бір орталығы - Омбы қаласына қарай тартады. Бұл, жаңағы айтқанымыздай, Ресейдегі буржуазиялық-демократиялық алғашқы революцияның қарсаңында ел іші дүрлігіп, қоғамдық қозғалыс қазандай қайнап, бұрқырап тұрған шақ болатын. Осыдан бастап, ел басына күн туған аласапыран заманда халқына қорған болып, отаршыл патша өкіметінің озбыр саясатынан қарсы шығып, қазақтың жоғын жоқтаған Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы елінің қажеті үшін барлық күш-жігерін, білімін жұмсады. Жеке басына ақындық пен батырлықты қатар алып жүрген қайсар ер керек кезінде Алаш әскеріне басшы да болып, қол бастап, туған халқының болашағы мен ұлт мүддесі үшін жеке басын қатерге тігіп, саяси күрес майданын бастады. Отаршыл жүйеге тікелей қарсы бағытталған ұлт-азаттық майдан - Алаш деген қасиетті атауға ие болды. Алаш қозғалысы - XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда орын алған әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, рухани-мәдени өзгерістердің дамуынан және халықтың интеллектуалдық деңгейінің жаңа сатыға өтуінің нәтижесінде өмірге келді. Ұлттық-демократиялық қазақ зиялыларының барлық өкілдерінің басын ұлы мақсат жолында біріктірген бұл жалпыұлттық саяси ұйым - Алаш қозғалысының халық арасында берік әлеуметтік базасы болды. Ұлт көсемі деңгейіне көтерілген Әлихан Бөкейханға сенімді серік болған Міржақыптың алдында, өткен XIX ғасырдағы патша өкіметінің орталық басқару аппаратының саясатының жоспары бойынша империяның әр түрлі губернияларына бөлшектеп жіберген қазақ жерлерін бір тудың астына жинап, ұлттық-территориялық автономия құру мақсаты тұрды. Бұл қасиетті борышты іске асырушы күрескелердің қатарында Алаштың көрнекті жетекшілері А.Байтұрсынұлы, М.Шоқай, Б.Құлманов, М.Тынышбаев, Ж.Досмұхамедов, Х.Досмұхамедов, Ә.Ермеков, Ж.Ақбаев, А.Тұрлыбаев, Х.Ғаббасовтар болды. Алаштықтар деген атпен белгілі болған осы топ, білім мен ғылымның туын көтеріп, халықтың санасына демократиялық ойлар сіңіре отырып алға жетелеп, қоғамдық қызметі мен шығармашылықтары арқылы халықты ояту мақсатында кең масштабта рухани-идеологиялық күрес жүргізді.

1905 жылдан бастап, өздерінің саяси қызметінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қорғауды негізгі борыштары санаған Алаш зиялылары қоғамдық-саяси қызметтерін бастап кетті. Олардың алдыңғы қатарында Міржақып Дулатұлы ұлт көшбасшысы ретінде тәуелсіздік идеясын қазақ халқының арасында кеңінен насихаттап, саяси оқиғалардың ортасында жүріп, елдік сананың өрістеуіне зор ықпал жасай бастады. Міржақып сол жылы Оралдағы бес облыс қазақтарының съезіне қатысады да, соның делегаттары қатарында 1906 жылы Петербургке барады. 1907 жылы Петербургте шыққан «Серке» газетінде Міржақыптың «Жастарға» деген өлеңінің басылу сырында да осындай сабақтастық қисын бар еді. Ал осы газеттің жарық көре алмай кеткен екінші санында Дулатов қаламынан туған «Біздің мақсатымыз» атты бас мақала бар екен. Газеттің шықпай жатып тұншықтырылуына басты бір себеп те осы мақала болса керек. 1909 жылы қайраткер ақынның XX ғасыр басындағы қазақ халқының азаттық жолындағы саяси күресінің манифесіне айналған «Оян Қазақ!» жинағы жарияланды. Автор алдына қойған мақсаты мен айтайын деген ойы төрт жолдық беташарға түгел сыйғызылған:

Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,  
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.  
Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,  
Қазағым, енді жату жарамас-ты [4].

Империялық отарлау саясаты, халықтың өнер-білімнен мақұрым қалуы, тұрмыс күйінің күйзелісі, тағы-тағы неше түрлі қасірет атаулы осы төрт жолға толық сыйғызылған.

Міржақып шығармаларын әртүрлі қазақ басылымдарына, әсіресе халық арасында кеңінен танымал болған «Айқап» журналына үзбей жариялап тұрды. Бұл оның шығармашылық тұрғыдан ғана емес, қоғамдық ой-пікірді қалыптастырудағы белсенділігін де көрсетеді. Жас қаламгер үшін газет-журналдарға жазу тек шығармашылық қана емес, сонымен бірге қоғаммен байланысуға мүмкіндігі болды. Ол әрбір мақаласында, әңгімесінде, өлеңінде қоғамның нақты мәселелеріне назар аударып, оқырманның ойына әсер ете алатындай тіл таба білді. Сол арқылы Міржақып тек жазушы ғана емес, халықтың өмірін түсінетін, сезетін, оған үн қосатын, қоғамды зерттейтін белсенді зерттеушіге айналды. Оның шығармалары мен қоғамдық белсенділігі бір-бірімен сабақтасып, өлең мен прозаның күшін ел мүддесіне пайдалана білетін қайталанбас қаламгердің бейнесін жасады. Жасынан бастап әдебиет пен қоғам өмірін қатар ұстанған Міржақып Дулатұлының бұл қабілеті оның кейінгі өміріндегі ұлттық идеяларды көтеру, ағартушылық жолындағы қызметі мен халыққа деген жанашырлығының негізгі негізіне айналды [3].

Міржақып өзі негізін қалаушылардың бірі болған «Қазақ» газеті арқылы қоғамға елеулі ықпал жасады. Бұл газет сол кезеңде Қазақстанда өтіп жатқан саяси, әлеуметтік, мәдени және шаруашылық мәселелерді, оқу-ағарту, өнер-білім саласындағы әрекеттерді халыққа жеткізудің ең сенімді арнасы болды. «Қазақ» газеті халықтың күнделікті өмірін, ауыл мен қала арасындағы айырмашылықтарды, дәстүр мен жаңалық арасындағы тепе-теңдікті түсіндіруде маңызды рөл атқарды. Міржақып бұл басылым арқылы тек ақпарат берумен шектелмей, қоғамның санасын оятуға, «халықтың білім деңгейін көтеруге, ұлттық мәдениет пен дәстүрді дәріптеуге күш салды [3, 12 б.].

Оның қаламы арқылы қазақ қоғамы өзіне қажетті ақпаратты алды, жаңа идеялармен сусындады, жас буынға үлгі болды. Міржақыптың журналистік қызметі - бұл қазақ әдебиеті мен мәдениеті үшін ғана емес, бүкіл ұлттық сана мен қоғамдық дамудың қалыптасуы үшін де аса маңызды тарихи мұра болып есептеледі. [3, 6 б.].

Міржақып Дулатұлының 1909 жылы жарық көрген «Оян, қазақ!» атты еңбегі - қазақ халқының ұлттық санасын оятуға бағытталған, тәуелсіздік пен әділеттік идеяларын насихаттаған аса маңызды шығармалардың бірі. Бұл еңбек тек әдеби туынды ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-саяси үндеу, халқына моральдық және рухани қолдау білдіретін бағдарлы шығарма ретінде бағаланады. «Оян, қазақ!» кітаптың жазылуы белгілі бір тарихи жағдайдың, қоғамдық-саяси ахуалдың тікелей әсерінен туған болатын. XX ғасырдың басында қазақ даласында жер дауы мен әлеуметтік теңсіздік ушығып, отарлық биліктің ықпалы күшейіп, халықтың сауатсыздығы мен әлеуметтік жағдайы ауырлай түсті. Осындай кезеңде қазақ халқы өз тағдырын, құқықтарын қорғай алатын күшке ие болмады, ал елдің көбі оқымай, өз құқықтары мен мүмкіндіктерінен бейхабар болды.

Міржақып Дулатұлы осы қиын жағдайды көріп, елдің ұйқыдағы санасын ояту, халықты білімге, құқыққа және өз халқының тағдырына бейжай қарамауға шақыру қажеттігін түсінді. Сол себепті ол «Оян, қазақ!» атты кітабында әрбір қазаққа үндеу жасап, өз намысын қорғай білуді, ұлттық сана мен рухты оятуды мақсат етті. Бұл еңбек тек әлеуметтік мәселелерді көтеріп қана қоймай, адамдарға моральдық жауапкершілік пен азаматтық парызды сездіруді де көздеді. Міржақып шығармасында халыққа білімнің, әділеттіліктің, өз құқықтарын талап етудің қаншалықты маңызды екенін нақты, түсінікті тілмен жеткізді.

«Оян, қазақ!» жарық көрісімен-ақ халық арасында зор ықпалға ие болды. Кітаптың әрбір беті қазақ қоғамының ойына терең әсер етіп, жастар мен ересектерді ойландыруға, халыққа өз тағдырын ойлап, әрекет етуге үндеуге бағытталған еді. Дегенмен, мұндай әрекет патша әкімшілігіне ұнамады. Жасырын полиция органдары Міржақыпты қадағалауды күшейтіп, шығармасының ықпалын азайтуға тырысты. 1910 жылы «Оян, қазақ!» кітабы екінші рет басылып шыққанымен, патша билігі оны халық үшін қауіпті, зиянды деп санап, «оқуға тиісті емес» шығармалар қатарына қосып, оны «тұтқынға» алды. Бұл жағдай Міржақып Дулатұлының шығармашылық ерлігін, батылдығын және халқына деген шексіз адалдығын көрсетті.

Шындығында, «Оян, қазақ!» қазақ әдебиеті мен ұлттық ой-пікір тарихында маңызды бет болып қалды. Кітап халыққа тек әлеуметтік мәселелерді көрсету ғана емес, сонымен бірге олардың санасын, рухын ояту, болашаққа сеніммен қарауға шақыру сияқты тарихи миссияны атқарды. Міржақып бұл шығармасында өз халқының мұңын, арманын, қиындықтарын және мүмкіндіктерін ашық баяндап, оларды білімге, әділеттілікке, азаматтық жауапкершілікке жетелейді. Сол себепті бұл еңбек қазақ халқының мәдениеті мен қоғамдық ой-санасын көтеру жолында өлшеусіз үлес болып саналады.

Міржақыптың бұл шығармасы арқылы көрсеткен батылдығы, қайраткерлігі және халыққа деген адалдығы оны тек жазушы ғана емес, ұлт тарихында есте қалатын көрнекті қайраткерге айналдырды. «Оян, қазақ!» бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоғалтпай, қазақ санасының оянуына бағытталған ең алғашқы, әрі маңызды үндеулердің бірі ретінде бағаланады. [2, 49 б.]

1917 жылғы революциялық сілкініс кезінде Міржақып Дулатұлы саяси аренада да белсенділік танытты. Ол Алаш Орда үкіметінің тілекшісі ретінде қазақтың ұлттық автономиясын жариялау ісіне араласып, елдің саяси тәуелсіздігі мен дербестігін қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадамдарға қатысты. Міржақып қазақтың мемлекеттік дербестігі үшін большевиктермен келіссөздер жүргізіп, автономия идеясының заңдық және теориялық негізін қалыптастыруға үлес қосты. Ол бұл жолда тек саяси мүдде үшін ғана емес, қазақ халқының ұзақ мерзімді дамуы, мәдени және әлеуметтік құқықтарын қорғау мақсатында әрекет етті.

Міржақыптың бұл қызметі оның қоғамдық санасы мен саяси көзқарасының тереңдігін көрсетті. Ол үшін халықты білімге шақыру мен саяси дербестікті қамтамасыз ету бір-бірімен сабақтас еді: білім алған халық ғана өз құқықтарын мен мүмкіндіктерін түсіне алады, ал елдің санасы оянып, өз тағдырын өзі айқындай алатын болса, саяси дербестік те нақты іске асады. Сол себепті Міржақыптың өмір жолы тек әдеби және ағартушылық қызметпен шектелмей, қазақ халқының саяси сана-сезімін

калыптастыруға да бағытталған күрделі, көпқырлы еңбек болды. Міржақып Дулатұлының қызметі - бұл білім беру мен саяси тәуелсіздікті қолдау арқылы халыққа қызмет ету, ұлттық сана мен рухты ояту жолындағы тарихи миссияның айнасы. Ол өмір бойы білім мен саясатты біртұтас құрал ретінде пайдаланып, қазақ қоғамының дамуына елеулі үлес қосқан қайраткер ретінде тарихта мәңгі қалды [1, 6 б].

1920 жылдардан кейінгі советтік қуғынға ұшырап, 1928 жылы тұтқындалды. Бірақ ешқашан күрескерлік рухын жоғалтқан жоқ. Қуғын-сүргінде жүрсе де Міржақып жазуын тоқтатпады. ГУЛАГ түрмелерінде болған кезде ол тұтқындарға арналған сөздік пен әдеби туындылар жазды. Оның табандылығы мен ішкі беріктігі-түрмеде де рухани құлдырауға жол бермеудің жарқын мысалы. Ол 1920 жылдардың соңында большевиктік жүйенің қазақ ұлтына қауіп төндіретінін алдын ала болжаған. Соған қарсы күресіп, тіпті өмірінің соңына дейін саяси позициясынан қайтпаған қайсар жан. [1, 6 б.].

Жеке басының мүддесінен гөрі ұлт болашағын жоғары қойған Міржақып Дулатұлының өмір жолы - ұрпаққа үлгі, өнеге. Оның бойындағы тегеурінді күш, жігері мен тапқырлығы жас шағында-ақ көрініс тапты. Сол қасиеттері оны тек әдебиет пен ағартушылық жолында ғана емес, қоғамдағы әділетсіздікке қарсы күресте де белсенді етті. Алайда, нағыз кемел жасында-ақ Міржақып Дулатұлы өз еңбектері мен ұстанымдары үшін қатаң жазаланған. Ол саяси көзқарасы мен ұлттық мүддені қорғаудағы батылдығы үшін қамауға алынып, 1935 жылы Соловки түрмесінде, жазықсыз құрбан болып, өмірден озды. Бұл трагедия қазақ қоғамы үшін ауыр сынақ болса да, оның ерлігі мен принципшілдігі ұрпақ жадында мәңгі қалды. Міржақыптың өмірі - әділдік пен білімге, елге қызмет етуге адалдықтың, тәуелсіздік пен ұлттық санаға деген сүйіспеншіліктің символы болды. [1, 7 б.].

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін Міржақып Дулатұлының ұстанымдары, ой-толғамдары және ұлттық мүддені қорғау жолындағы қызметі ерекше маңызға ие. Оның мұрасы - тарихи құндылық қана емес, сонымен бірге ұлттық рухты нығайтып, тарихи сананы байытатын, жас ұрпақты елжандылыққа, азаматтыққа тәрбиелейтін баға жетпес рухани қазына. Міржақып Дулатұлының қоғамдық-саяси мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеу, оның идеяларын жұртшылыққа жеткізу - ұлттық тарихымызды терең түсінудің, халқымыздың мәдени және рухани мұрасын сақтаудың маңызды қадамдарының бірі болып табылады. Ұрпақ үшін оның еңбектері тек өткеннің куәлігі ғана емес, сонымен бірге бүгінгі күнге бағдар, болашаққа бағыт ретінде қызмет етеді. Міржақыптың өмірі мен шығармашылығы қазақ халқының тарихында мәңгі есте қалатын қайталанбас үлгі болып қала береді. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін Міржақып Дулатұлының ұстанымдары, ой-толғамдары және ұлттық мүддені қорғау жолындағы қызметі ерекше маңызға ие. Оның мұрасы - ұлттық рухты күшейтетін, тарихи сананы байытатын, жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелейтін баға жетпес рухани қазына. Сондықтан да Міржақып Дулатұлының қоғамдық-саяси мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеу және оны жұртшылыққа жеткізу - ұлттық тарихымызды терең түсінудің маңызды қадамдарының бірі.

#### **Пайдаланылынған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Дулатұлы Міржақып (1885-1935). Қазақстан тарихы. Таңдамалы шығармалар жинағы/Құраст.: Ихсан Д., Тоқтарбай Е. - Алматы: АТА Creative Hub баспасы, 2025. - 248 б.
- 2 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: Ататек, 1995. - 256 б.
- 3 «Қазақ» газеті / ред. Ә. Нысанбаев. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. - 560 б.

### **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӨНЕРІНДЕГІ ПОСТМОДЕРН БЕЛГІЛЕРІ**

**Наурызбаева Н.Қ.**

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

nurai130405@gmail.com

Астана қ.

Қазіргі заман мәдениетінің дамуында постмодернизм эстетикасы ерекше орын алып, жаһандық көркемдік үдерістердің басты сипаттамаларының біріне айналды. Постмодерн идеяларының қалыптасуы мен теориялық негізделуі Ф. Лиотар, Ж. Бодрийяр, У. Эко, Р. Барт сияқты ойшылдардың зерттеулерінде жан-жақты талданып, олардың еңбектері өнердегі көпқабаттылық, интертекстуалдылық, шындық пен киял арасындағы шекараның жойылуы, авторлық ұстанымның әлсіреуі сияқты құбылыстардың мәнін ашып бергені белгілі. Бұл ғалымдар постмодерннің мәдениетке әкелген басты жаңалығы - тұрақты мағыналардың күйреуі, сан алуан тілдердің тең дәрежеде қатар өмір